bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718**
2020

**БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР**

# Жәнібек Кәрбозин «Төрт мезгілді аңсау» ҚМЖ. 3сп

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
| --- | --- |
| 17.06.2020 | https://bilimger.kz/77033/ |

| | | |
| --- | --- | --- |
| **Пәні: Әдебиеттік оқу** **Сыныбы: 3 «А»**<br>**Тақырыбы:** Жәнібек Кәрбозин **«Төрт мезгілді аңсау»**<br>**Пән мұғалімі:** Рысбанбетова Жанна | | |
| **Қатысқандар саны: 24** | **Қатыспағандар саны:0** | |
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | Жыл мезгілдері туралы мәлімет беріледі. Табиғаттың әр мезгілінде әр түрлі өзгерістер болатынын байқауға дағдыланады. Ауызекі сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сөздерді дұрыс қолдана отырып, сөйлем құрауды үйренеді. | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** Жыл мезгілдері туралы мәліметті біледі, Табиғаттың әр мезгілінде болатын өзгерістерді ажыратады. | |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** Ауызекі сөйлеу дағдысы қалыптасып, сөздерді дұрыс қолдана алады. | |
| | **Кейбір оқушылар:** Сөздерден сөйлем құрауды біледі. Мәтіннің мазмұнын аша алады. | |
| **Алдыңғы оқу** | Жыл мезгілдері | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспар ланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)** | **Ресурстар** |
| **Басталуы**<br>**5 мин**<br><br>**10минут** | **I.Ұйымдастыру кезеңі**<br>**1.Психологиялық дайындық.**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз<br>Шуғылалы таңдаймыз.<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз.<br>Серуенге бүгін шыққайсыз!<br>Сабақты бүгін ұққайсыз!<br>Зейінге көңіл қойғайсыз!<br>Сәттілік тілеп бәріне!<br>Шын көңіл бөліп тұрғайсыз.<br>**I. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>1. Тірек сөздер арқылы не туралы екенін табу, жалғастыру:<br>**I топ**<br>Көбелек, гүл, көк майса, өрістен қайтқан малдар (жаз)<br>**II топ**<br>Сарғайған жапырақ, қайнаған еңбек, қайтқан құстар, егін (күз)<br>**III топ**<br>Терезеде ою, жер беті аппақ, ақ боран(қыс)<br>**IV топ**<br>Мал төлдеп, жер бусанып, күн ұзарған, ұйқыдан оянған (көктем)<br>2. Шар арқылы топқа бөлінеді.<br>Топ ережесін айтады.<br>Топ басшысын сайлайды.<br>Топтың атын қояды.<br>Эмблеманы тағады.<br><br>**Ширату: «Көзбен көр, сөзбен өр!» Үй тапсырмасын сұрау.**<br>«Қаңбақ» мәтінін рөлге бөліп, тақырыптың мазмұнын ашу.<br><br>**«SWOT» талдау**<br>**1-топ «Мысал»**<br>**2-топ «Жаз»**<br>**3-топ «Қаңбақ»**<br>**4-топ «Терек»** | Интербел-сенді тақта<br><br>Шар<br>Суреттер<br>Төрт мезгіл суреті<br><br>Маркер<br>Жеміс ағашы<br>Эмблема<br>Төрт мезгілді білдіретін суреттерді ілу |
| **Ортасы**<br><br>**25 мин** | **II.Жаңа сабақты түсіндіру.**<br>**Жыл мезгіліне байланысты слайд шоу көрсетіледі.**<br>**Жәнібек Кәрбозин-**ақын. 1933 жылы 15 мамыр күні Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Дегерес ауылында туған. 1953 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Ақын «Кербақбай», «Қолғанат», «Қарбек пен қарақшы» т.б балаларға арналған пьесалар жазды. Оның балаларға арналған «Бәйшешек», «Менің шеберханам», «Ысқырық», «Біздің Бекен қайда екен?», «Біздің ауыл балалары» сияқты өлең, жинақтары бар. Олай болса, балалар қазір біз ақынның қай өлеңімен танысамыз?<br>**Сабақтың тақырыбы:** «Төрт мезгілді аңсау»<br>**Іліп әкету: «Оқы да, ойыңа түй!»**<br>**«Айналмалы бекет» әдісі.** Оқушылар өлең шумақтарын мәнерлеп оқиды, түсіндіреді.<br>**1- топ:**Қыс (1 шумақ)<br>**2 –топ:**Көктем (2 шумақ)<br>**3- топ:**Жаз (3,4,5 шумақ)<br>**4-топ:** Күз (6 шумақ)<br>Оқушылар әр шумақтағы ақынның көңіл күйі қалай сипатталады?<br>Олай болса, өлеңді мәнерлеп оқып шығайық.<br>**Сергіту сәті:** Дене қимылдарына байланысты жаттығулар жасау<br>**Қамшы басу: «Мәнін ұғын, түйінде!»**<br>**Айтыс-**ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырылып айтылытын сөз сайысы, жыр жарысы.<br>Жылдың төрт мезгіліне бөлініп, әр маусымға мадақ сөз арнау<br>**Қорытынды.**<br>**Қазандық: «Ойыңды қорыт, жинақта!»**<br>**«Қыс» тобы:** «Қыстыгүні болғанда…» дебат<br>**«Көктем» тобы:** «Көктем келді» өлең шығару<br>**«Жаз »тобы: «**Жадырап жаз келеді…» эссе жазу.<br>**«Күз» тобы**: «Күз келбеті» постер қорғау | Интербел-сенді тақта<br><br>Оқулық<br><br>Дәптер<br><br>Тақта<br><br>Интербел-сенді Тақта<br><br>Маркер<br>Плакат |
| **Аяқталуы**<br>**5 мин** | **Үйге тапсырма беру**<br>«Төрт мезгілді аңсау» өлеңін мәнерлеп оқып келеді.<br><br>**Көкпар /критериалды бағалау/ .**<br>Оқушылар ұпай санына қарай бағаланады.<br>**Кері байланыс:** «Жапырақ» әдісі арқылы кері байланыс алу**.** | Бағалау парағы |
| **Қосымша ақпарат:** | | |

| | | |
| --- | --- | --- |
| **Саралау-Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?** | **Бағалау-Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс** |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr><td>.</td><td>Критерий арқылы бағалау.<br>«Жапырақ» әдісі</td><td>. Қазақ тілі<br>.Интербелсенді тақта</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Рефлексия<br>Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</td><td colspan="2">Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td></tr>
</table>

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.